

## БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

## Мұқағали Мақатаев «Фантазия» өлеңі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
01.11.2017СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/20396/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Айдахмет Нұршашқан Абылайқызы**

**Сабақтың мақсаты:** *Білімділік.* М.Мақатаевтың өмірі, шығармашылығы туралы түсінік беру; Ақынның қасиеті де киелі өлең-жырлары арқылы халқына қызмет етуін таныту. *Дамытушылық.* «Фантазия» өлеңі арқылы ақынның халықтық болмысқа ілтипатын көрсету, ұлттық өнегені ұғындыру, оқушылардың қиялдау қабілетін қалыптастыру, ойлау өрісін кеңейту; *Тәрбиелік.* Ақынның салған фантазиясын, талғамын шыңдау, жас өспірімдердің өмірге деген құштарлыққа тәрбиелеу.

**Сабақтың типі:** Жаңа білімді игерту сабағы

**Сабақтың түрі:** Іздендіру сабағы

**Сабақтың әдісі:** СТО жобасының стратегиялары

**Көрнекілігі:** Слайд, үлестірмелі қағаздар, ақын портреті, видеоролик.

**Сабақтың барысы:**

*I. Ұйымдастыру бөлімі:*

- а) оқушылармен сәлемдесу;
- ә) оқушыларды түгелдеу;
- б) оқушы назарын сабаққа аудару.

**Психологиялық тренинг.**

Күн болып ашылайық,  
Қызғалдақтай құлпырайық,  
Жақсы арман тілегімізді,

Қане ортаға біз салайық.

Сынып оқушыларын «Шаттық шеңберіне» тұрғызып, «Мен егер (Кім?) болсам...» оқушылардың ұшқыр армандарына сапар шеккізу. Сыныпты төрт топқа бөлу. **I топ- Қиял, II топ-Ғажайып, III топ-Арман, IV топ- Ертегі.** (Топ басшыларын сайлап,бағалау парағын таратып беремін).

## II. Үй тапсырмасын тексеру:

Үй тапсырмасы: Қ Шаңғытбаев «Сабалақ» өлеңі

I топ – Тарихи тұлға — әдеби кейіпкер

Абылай хан туралы не білесіздер?

II топ – Абылай хан неліктен Сабалақ атанған?

III топ – Қуандық Шаңғытбаев туралы не білеміз?

IV топ – «Сабалақ» өлеңінен үзінді жатқа айту.

## III. Жаңа сабақ

Қызығушылықты ояту. «Хат қоржын»

-Қолдарыңыздағы конвертті ашайық, ішінде қандай сөздер жазулы екен соны оқиық.

(Әр топ өз конверттерінен шығқан қағаздағы сөздерді оқиды. Конверт ішінде қағаздарда Мұқағали Мақатаев, «Фантазия» өлеңі деген сөздер)

-Бұл сөздер біздің бүгінгі тақырыбымызбен тікелей байланысты. Бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы Мұқағали Мақатаев «Фантазия» өлеңі.

**а)жаңа сабақты түсіндіру (мұғалімнің кіріспе сөзі арқылы)** — Балалар, тақтаға назар аударайық.- Тақтадан кімді көріп отырсыңдар? – Ақын туралы біз не білеміз? Балалар, біз бүгінгі сабағымызда ұлкеннің де, кішінің де сүйікті ақынына айналған , Қазақстанның халық жазушысы, «Ғасыр ақыны» аталған Мұқағали Мақатаев туралы сөйлеспекпіз. Мұқағали Мақатаев Алматы облысы,Нарынкөл ауданында дүниеге келді. Ол «Аққудың қанатына жазылған жыр», «Аққулар ұйықтағанда», «Дариға-жүрек» жинақтары арқылы әдебиетке қосылған талант екенін танытты. Ақын тау мен даласын, ұлы Отанын, адамзаттың асыл бесігі-жұмыр жерді сүйеді, қадірлейді. Мақатаев өлеңдерінде адамдар бойындағы асыл қасиеттерді барынша дәріптеумен бірге, өмірде іске енжарлық, бойкүйездік, даңғойлықты қатты сынады. Оның жүрекке жылы, сезімге әсерлі, кімге де болса тіке айтатын өткір әрі сұлу жалын атқан жырларын оқушы қауым сүйіп оқиды. 2011 жылы ақиық ақынның 80- жылдығы елімізде кең тойланды.

ә) Тақырыпқа ену (**ақын өміріне арналған диафильм көрсету арқылы**):

— өмір жолына тоқталу:

**1. 1. «Ой шақыру» бағыты.**

— Балалар, төменгі сыныптарда ақынның қандай өлеңдерімен таныс болдыңдар?

-Балалар жауабы.

— Дұрыс, балалар!

Ал, енді балалар, адамның ішкі жан сырын тереңнен тербеп, нәзік сезім қылдарын шерте білген ақынның «Фантазия» өлеңінен біз де нәр алайық!

**2. Өлеңді игерту бағыты.**

*А) өзім мәнерлеп оқимын;*

*ә) оқушылар әр шумағын жеке-жеке оқиды;*

*б) әр шумағын оқушыларға оқыта отырып, өлеңнен не түсінгендерін айтқызу;*  
**(мәнерлеп оқу)**

*в) сұрақтарға жауап беру: қиялдарында қандай сурет пайда болғанын сөзбен суреттеп беріңдер.*

**3. Теориялық бағыт. (түсіндіру)**

Фантазия-Фантазия дегеніміз не? Фантазия дегеніміз – музыкалық қиял, жалпы қолданылатын музыкалық формадан ауытқып, еркін жазылатын шығарма.

Сергіту сәті. «Қыдырып қайтайық» әніне билету.

**4. Шығармашылық бағыт.**

Топтық жұмыс. Әр топқа жоба қорғауға мүмкіндік беру. Кубизм стратегиясы бойынша.

**I топ Топтастыру.** М. Мақатаевқа ассоциация жасау



2					
3					
4					
5					
6					
7					

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.